

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ
СОТЫНДА

25 сәуір 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0035 ic

CASHDRIVE LTD ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Талапкер /Апеллянт

қарсы

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ РЕТТЕУ КОМИТЕТІ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Апелляцияны қабылдаудан бас тартылды.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. "Сейф-Ломбард" ЖШС-ның еншілес компаниясы Cashdrive LTD жеке компаниясы ("Cashdrive") АХҚО-да тіркелген және "Астана" халықаралық қаржы орталығының Комитетінде (бұдан әрі - "АФСА") кредиттер беру бойынша реттелетін қызметті жүзеге асыруға лицензия алған компания болып табылады. Осы талқылау шеңберінде АФСА-ның 2023 жылғы 15 наурыздағы, бизнесті жүргізуге белгілі бір талаптар қойылған жазбаша директивасы ("Жазбаша директива") шағымдануға жатады.
2. Cashdrive лицензиясы ("Лицензия") 2021 жылдың 2 қыркүйегінде берілген. Лицензиямен рұқсат етілген қызмет мыналарды қамтыды: *«Кәсіби клиенттер санатына жатқызылмаған жеке тұлғаларға кредит қаражатын беруге рұқсатсыз кредит беру»*. Адамдарды Кәсіби клиенттерге жатқызу критерийлері АХҚО-ның Бизнес жүргізу қағидаларында ("Бизнес жүргізу қағидалары") баяндалған және, жалпы алғанда, клиенттен кем дегенде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтері болуын және, ақылға қонымды бағалаулар бойынша, жеткілікті тәжірибесі мен тиісті қаржылық өнімдер, қаржылық қызметтер, операциялар және олармен байланысты кез-келген тәуекелдер туралы түсінігі болуын талап етеді. Cashdrive Бизнес жүргізу ережелерін сақтады ма деген мәселе апелляцияның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.
3. Лицензияда басқа ешқандай шектеулер болған жоқ (дегенмен Лицензияны беру туралы ілеспе хатта Лицензия қоса берілген Тәуекелдерді бағалау бағдарламасының талаптары ескеріле отырып берілгені көрсетілген). Сонымен қатар, Лицензия берілген күні қолданыста болған АХҚО құқығына сәйкес, кредиттік қаражат Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға заңды негіздерде беріле алатын болған. Алайда, осыдан кейін көп ұзамай Қазақстан резиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға қарыз беруге тыйым салынған заңнама қабылданды: қарыздар тек Қазақстан Республикасының *заңды тұлғаларына* (оның өзінде тек шетелдік валютада) және Қазақстан шегінен тыс резидент-жеке тұлғаларға беріле алатын болды. 2021 жылғы 10 қарашада қабылданған және 2021 жылғы 1 желтоқсанда күшіне енген АХҚО Валюталық реттеу және Жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидалары ("Валюталық қағидалар") осылай қолданылды. Cashdrive қызметін лицензияға сәйкес жүргізуге Валюталық қағидаларды қолдану апелляциядағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады.
4. 2022 жылғы 24 мамырда АФСА Cashdrive-қа оның Тәуекелдерді басқару бағдарламасында көрсетілген АФСА шарттары мен ұсынымдарын орындауы туралы хабарлады. Осыдан кейін Cashdrive өзінің операциялық қызметін бастай алды, 2022 жылдың 26 тамызында осылай істеді де.

5. 2022 жылғы 28 қазанда Cashdrive АФСА-ға 2022 жылдың үшінші тоқсанының декларацияларын жіберді, олардан Cashdrive 2022 жылдың тамыз айынан бастап жеке тұлғалармен 15 қарыз шартын жасасқаны және әрбір жағдайда жеке тұлға Қазақстанның резиденті болып табылғаны және Кәсіби клиент болып табылмағаны туралы түсінік алды. 2022 жылдың 30 қарашасында АФСА Кәсіби клиенттер ретінде тізімделген әрбір клиентті бағалау есептерін және оларды Кәсіби клиенттер ретінде бағалау кезінде пайдаланылған кез-келген басқа да тиісті құжаттарды сұрады. Cashdrive 2022 жылдың 8 желтоқсанында қосымша құжаттарды қоса бере отырып, жауап берді, олардан сол уақытқа дейін Cashdrive кемінде 44 қарыз шарт жасасқаны көрінеді. 2022 жылғы 13 желтоқсанда WhatsApp-та хат алмасу барысында АФСА қызметкері клиенттерді жіктеу кезінде Cashdrive қараған қосымша құжаттар туралы сұрады, оған Cashdrive АХҚО-ның барлық талаптарын сақтайтыны туралы жауап алды. АФСА қызметкері қажет болған жағдайда АФСА қосымша құжаттарды сұрай алады деп түсіндірді. Алайда, нәтижесінде АФСА командасы қолда бар құжаттар жеткілікті деп санады және ешқандай қосымша сұраныстар болған жоқ. 2023 жылдың 30 қаңтарында АФСА Cashdrive-тың 2022 жылғы төртінші тоқсанға арналған декларацияларын алды, олар Cashdrive, мәлім болғандай, жеке тұлға болып табылатын 44 клиентке кредит бергенін растады.

6. Ұсынылған материалдарды зерделегеннен кейін АФСА Cashdrive Валюталық қағидаларды және Бизнес қағидаларын бұзды деген қорытындыға келді. Бұл 2023 жылдың 15 наурызында келесі түрде Жазбаша директиваның шығарылуына әкелді:

*«Cashdrive Ltd жеке компаниясының ("Компания") 2022 жылғы 3 тоқсандағы мінез-құлқы мен пруденциалдық нормалары туралы тоқсан сайынғы есептерді және олардың түсіндірме жазбаларын, сондай-ақ клиенттердің құжаттарын қарастырып (2022 жылғы 30 қарашадағы сұрау), **АФСА Жазбаша директива шығарады және АХҚО Қаржылық қызметтер туралы негіздемелік ережелерінің ("FSFR") 95, 100(1) (a) және 103 бөлімдеріне сәйкес төменде көрсетілген талаптарды белгілейді.***

Компанияның Кәсіби клиенттер ретінде бағаланбаған жеке тұлғаларға кредит қаражатын беруге рұқсатсыз кредит беру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы болды.

Жоғарыда көрсетілген декларациялар мен клиенттердің құжаттарын тексергеннен кейін, АФСА Компания 2022 жылдың 3 тоқсанында кәсіби клиенттер ретінде бағаланатын жеке тұлғаларға қарыздар бергенін анықтады (берілген қарыздардың жалпы сомасы – 15).

Алайда, Компанияның клиенттерді анықтау және кәсіби клиенттер санатына жатқызу тәсілі үстірт, бейресми болып табылады және [АХҚО Бизнес жүргізу қағидаларында] белгіленген талаптарға сәйкес келмейді. Оның үстіне, [Валюталық қағидаларға] сәйкес Компания қарызды тек Қазақстан Республикасының AIFC қатысушылары болып табылмайтын заңды

тұлғаларына ғана бере алады, бірақ Қазақстан резиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға бере алмайды.

Демек, бұл Компанияның клиенттерді жіктеу саласындағы қолдануға болатын талаптар туралы хабардарлығы мен біліміне күмән келтіреді. Бизнес жүргізу қағидаларынан тармақтарды көшіріп алып, өздерін кәсіби клиенттер деп мәдімдейтін клиенттер қол қоятын декларация нысанына апарып қоядан тұратын ресми тәсіл қабылдауға келмейтін болып табылады және Компанияның өз клиенттерін жан-жақты және тиісті мұқияттылықпен жіктеуге қабілетті екенін көрсетпейді. Бұдан басқа, клиенттер тарту процедурасы шеңберінде Бюро клиенттерден клиенттің кәсіби клиенттер санатына жататындығының дәлелі ретінде пайдалануға болатын растау құжаттарын сұрамайды (дипломдар, банк шотынан үзінді көшірмелер, бұрынғы жұмыстарының тарихы және т.б.).

Соның ішінде, Компания АХҚО-ның келесі қағидаларын – Валюталық қағидалар мен Бизнес жүргізу қағидаларын бұзды:

- Валюталық қағидалардың 3.1.1 тарауы ...
- Валюталық қағидалардың 2-қосымшасының 1.2 тармағы ...
- Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.1 тармағы ...
- Бизнес жүргізу қағидаларының 2.3.1 тармағы ...

Сонымен, Компания кредит беру және бизнес жүргізу процедураларын Валюталық қағидалармен және Бизнес жүргізу қағидаларымен сәйкестікке келтіріп, келесі талаптарды орындауы керек:

№	Талаптар	Орындау мерзімі
1.	Қазақстан резиденттері болып табылатын жеке тұлғалармен Валюталық қағидаларды және Бизнес жүргізу қағидаларын бұза отырып жасалған барлық қарыз шарттарын бұзу	14 сәуір 2023 жыл
2.	Кәсіби клиенттерді бағалау туралы ереже мен Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға қарыз беруге тыйым салуды қоса, бизнес жүргізудің қайта қаралған процедураларын тиісті түрде қамтамасыз ету	7 сәуір 2023 жыл

7. Осыдан кейін тараптар арасында кездесулер мен хат-хабарлар түрінде айтарлықтай пікір алмасу болды, бұл туралы осы шешімде бұдан әрі егжей-тегжейлі баяндалды. Нәтижесінде АФСА Cashdrive тарапынан қағидалардың бұзылғандығына қатысты өз

ұстанымын сақтап қалды, бірақ Қазақстан резиденттері болып табылатын жеке тұлғалармен жасалған қарыз шарттарын бұзу мерзімін 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін ұзартты.

8. Cashdrive 2023 жылғы 24 қазандағы Талап арызында Жазбаша директиваға апелляция берді. Кейінгі процестік іс-әрекеттерге кейс-менеджмент конференциясы және әртүрлі жазбаша нұсқаулар кірді. Нәтижесінде ресми ұсынымдар Талап арыздың Өзгертілген нысанынан, талап бойынша Өзгертілген қарсылықтан және өзгертілген жауаптан тұрды. Бейнебайланыс арқылы өткен апелляциялық талқылау шеңберіндегі тыңдауларда, Соттың қолында құжаттар топтамасы, заңнамалық және нормативтік материалдар мен құқықтық актілер топтамасы, айғақтар мен заттай дәлелдемелерден тұратын көлемді топтама, сондай-ақ қолдануға болатындығы даулы құжаттардан тұратын шағын топтама болды.
9. Cashdrive тарапынан компанияның Бас операциялық директоры Геннадий Ким мырза, Кредит беру бөлімінің бастығы Вячеслав Пак мырза және Бас директордың орынбасары Жаухар Рахимбекова ханым куәгер болды. Сонымен қатар Cashdrive онымен сұхбаттардың АФСА жасаған жазбаларына жауап ретінде клиенттің кейінгі куәліктерін сақтық мақсатында іске қосты; бұл жазбалар қолдануға болатындығы даулы құжаттарға жатты. АФСА тарапынан АФСА Қаржылық тәртіп бөлімінің директоры және Пруденциалдық бөлімнің осы іске қатысты кезеңдегі бұрынғы директоры Әнуар Қалиев мырза; және Пруденциалдық бөлімнің Аға заңгері, тиісті кезеңде оның міндеттеріне Cashdrive-пен қарым-қатынасты басқару кірген Олжас Байсағатов мырза куәгер болды. Куәгерлердің барлық айғақтары іс бойынша дәлел ретінде ұсынылды және тыңдау күні Рахимбекова ханымнан, Қалиев мырзадан және Байсағатов мырзадан шектеулі тұс-тұстан жауап алынды. Рахимбекова ханымның айғақтары кейбір аспектілерде сендірерліктей болған жоқ, бұл туралы төменде осы шешімде айтылған, бірақ осы ескертпені назарға ала отырып, мен куәгерлер адал болды және Сотқа жәрдем көрсетуге тырысты деп санаймын.
10. Cashdrive атынан Бақыт Тукулов мырза өкілдік етті, оған Мария Петренко ханым көмектесті. АФСА атынан Бен Джеффи КС мырза өкілдік етті. Сот тараптардың барлық өкілдеріне жазбаша және ауызша ұсынымдарының айқындығы мен толық болғаны үшін алғыс білдіреді.

Юрисдикция және қолданылатын құқық

11. "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13(4) бабы АХҚО сотына қылмыстық және әкімшілік істер бойынша юрисдикцияны қоспағанда, АХҚО қатысушылары мен АХҚО органдары арасындағы даулар бойынша шешімдерді қарауға және шығаруға қатысты айрықша юрисдикция береді. Нақтырақ айтсақ, АХҚО сотының Регламентінің 26(5) бабында Бірінші инстанциядағы соттың: *«Конституциялық заңда, осы Регламентте, Соттың қағидаларында немесе АХҚО-ның басқа регламенттерінде көзделгендей: (a) құқық мәселелеріне; (b) сот талқылауларындағы қателік туралы мәлімдемелерге; (c) процедуралық әділеттілік туралы мәселелерге; немесе (d) АХҚО құқығында немесе*

оған сәйкес көзделген мәселелерге қатысты» АХҚО органының шешіміне берілген апелляцияны қарау және ол бойынша шешім шығару юрисдикциясы бар екендігі көзделген; және одан әрі қарай Бірінші инстанциядағы соттың бапта көрсетілген шешімдері түпкілікті болып табылатыны және одан әрі шағымдануға жатпайтыны көзделген.

12. АХҚО құқығының ережесіне сәйкес, АХҚО қаржылық қызметтері жөніндегі негіздемелік ережелердің ("FSFR") 11-бөлімі осы іске тікелей қатысы бар болып табылады, онда былай делінген:

«АФСА шешімдеріне шағымдану ...

- (1) АФСА шешімінен зардап шеккен адам АХҚО сотына осы шешім бойынша шағымдана алады.
- (2) Осы бөлімге сәйкес апелляция беру үшін мыналар негіз болып табылады:
- (a) өкілеттігін асыра отырып немесе өзге де құқықтық қателіктер бар шешім шығару;
 - (b) шешімнің негізсіздігі;
 - (c) шешімді адал қабылдамау;
 - (d) сай келмеушілік; немесе
 - (e) процедурада елеулі қателік жіберу».

13. 11(2) бөлімдегі шағымдану негіздері жалпы құқық бойынша сотта қайта қарау кезінде қолданылатын негіздердің көрінісі болып табылады. «Мориэль Карми мырза "Астана" халықаралық қаржы орталығының Комитетіне қарсы» № AIFC-C/CFI/2023/0024 іс бойынша 2024 жылғы 24 қаңтардағы шешімнің 14-тармағында судья Сэр Джек Битсон ФВА айтқандай:

«Мен 11(2) бапта көзделген негіздер сотта қайта қарау үшін жалпы құқық шеңберінде қолжетімді, мемлекеттік және реттеуші органдарды және олардың шешімдерінің заңдылығы мен процестік әділдігін қадағалау үшін пайдаланылатын негіздер болып табылатынын атап өтемін. Қадағалау юрисдикциясы - бұл мемлекеттік органның билікті жүзеге асыруын «[оған өкілеттік беретін заңнаманың] шеңберімен және мақсаттарымен және жалпы құқықтың рационалдылық пен әділеттік туралы талабымен қатаң шектейтін» құрал болып табылады. ... 11(2) бапта шешімнің мәні бойынша емес, шешім қабылдаушы адамның жария мойындалатын құқықтық қателік жібергені-жібермегені туралы мәселе бойынша шағымдану көзделген».

14. Cashdrive-тің Өзгертілген жауабында Сот жалпы құқық бойынша сотта қайта қараудың ағылшындық стандарттарын АХҚО контекстінде қолданбауы тиіс, Қазақстанның жергілікті жағдайлары, АХҚО органдарын басқарудың сапасы және жергілікті бизнесті дамыту деңгейі сияқты мәселелерді назарға ала отырып, өзінің өзіндік тәсілін әзірлеуі керек деп айтылды. Бұл аргумент АФСА шешімдерін даулаушы апелляциялар үшін деңгейді төмендетуге Соттың көзін жеткізуге бағытталған. Алайда, деңгей 11(2)бөлімнің өзінде белгіленген. Апелляцияға берудің осы ережеде баяндалған негіздері, жалпы құқық бойынша сотта қайта қараудағы сияқты және Карми АФСА-ға қарсы ісінде анық

айтылғандай, шешімнің мәніне емес, шешім қабылдайтын адамның айқын жария-құқықтық қателік жібергеніне шоғырланған. (Тукулов мырза Джаффи мырзаның *Карми АФСА-ға қарсы* ісіне сілтеме жасауына бұл мәселенің бұрын қарастырылмағаны негізінде қарсылық білдірген болуы керек. Алайда, бұл іс жарыс құжаттарында анық тұжырымдалған мәселеге қатысты болып табылады және Тукулов мырзаның ол бойынша өз ойларын білдіруге әділ мүмкіндігі болды).

Апелляция беру процесі

15. FSFR-дың 11(3) бөліміне сәйкес, апелляция тараптары мен осындай апелляция бойынша АХҚО соты ұстануға тиіс процедура FSFR-дың 2-қосымшасында баяндалған. 2-қосымшаның 1-тармағында «11-бөлім бойынша апелляция: (a) АФСА берген шешім туралы хабарланған күннен кейінгі 28 күннің ішінде, және (b) АХҚО сотының қағидаларының тапсыру туралы ережелеріне сәйкес, апелляция сүйенетін негіздер мен елеулі фактілерді көрсете отырып, АФСА-ға талап арыз беру жолымен беріле алатыны» көзделген. 2-қосымшаның 3-параграфы шешімнің күшін Соттың толық немесе ішінара жою немесе бекіту өкілеттігін белгілейді.
16. Апелляциялар сонымен қатар АХҚО сотының қағидаларының 29-бөлігінің пәні болып табылады. 29.1(2) қағидада 29-бөлімнің қағидалары АХҚО сотының регламентінің 26(5) бабына сәйкес, яғни осы түрдегі апелляцияларды қоса алғанда, Бірінші инстанция сотындағы апелляцияларға да қолданылады делінген. Алайда 29.3 қағида 29-бөлім апелляцияның кез-келген нақты санатына қатысты қосымша ережелер белгілейтін кез-келген Қағидаға, заңға немесе практикалық нұсқаулыққа бағынатынын көздейді. Осындай айқын ережелердің бірі - FSFR белгілеген 28 күндік мерзім, ол АХҚО сотының 29.10(2) қағидасына сәйкес әдетте қолданылатын 21 күндік мерзіммен ауыстырылуы тиіс. Тағы бір жайт - АХҚО сотының Регламентінің 26(5) бабына сәйкес апелляцияға құқық *рұқсат беру* туралы талаппен шартталмаған, сол сияқты FSFR-дың 11-тарауында да мұндай талап жоқ. Бұл, апелляциялық шағым бұзушылық туралы бұйрыққа берілген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым беру үшін апелляцияға рұқсат қажеттігі туралы АХҚО сотының қағидаларының 29.5 қағидасының жалпы ережесінің күшін жою ретінде қабылдануы тиіс. Тағы бір процестік ескертпе FSFR-дың апелляцияны талап арыз нысанын АФСА-ға табыстау жолымен қозғауды талап ететінінде болып табылады, ал АХҚО сотының қағидаларының 29-бөлімі апелляцияны хабардар етуді талап етеді (мысалы, 29.23 қағиданы қараңыз) және Талап арыз беру жолымен берілген бастапқы талапқа қолданылатыннан өзгешеленетін процестік қадамдарды белгілейді. Алайда, талап арызды берудің бұл істе қолданылған рәсімі істі тыңдауға дайындау кезінде іс жүзінде ешқандай қиындық тудырған жоқ және 29-бөлімнің басқа ережелерін қолдану ықтималдылығын қарастырудың қажеті болған жоқ.
17. Бір сұрақ қалады: апелляция оны беру мерзімі бұзылып берілді ме, егер олай болса, онда мерзімді ұзарту керек пе. Басында АФСА ескіру мерзімі туралы мәлімдеген, бірақ талап қою бойынша Өзгертілген қарсылықтан бұл мәселенің ендігері қарастырылмайтыны белгілі болды. Дегенмен де, апелляция беру шарттары орындалды ма деген сұрақ Соттың қарауына қалады: заңмен белгіленген мерзімнің күші тараптардың келісімі бойынша ғана жойыла салмайды. FSFR-ге 2-қосымшада

мерзімді ұзарту мүмкіндігі туралы айтылмағанымен, Сот, сөзсіз, мұндай ұзартуды АХҚО сотының қағидаларының 2.14 және 29.10 -29.12 қағидалары негізінде немесе олармен ұқсастықта және/немесе АХҚО сотының Регламентінің 26- және 27-баптарында берілген жалпы өкілеттіктерге сәйкес беруге құқылы.

18. 28 күндік мерзімге сүйене отырып, Талап арыз АФСА-ға 2023 жылдың сәуір айының ортасынан кешіктірілмей берілуі тиіс еді; ал ол 2023 жылдың 24 қазанында ғана берілгендіктен, мерзімінен бірнеше айға кешіктірілді. Талап қоюдың ескіру мерзімі қолданылатыны туралы АФСА-ның мәлімдемеуінің себебі мынада - ол өзінің шағымдану құқығы туралы Cashdrive-қа хабарлау талабын орындамағанын (бұл олқылық төменде қарастырылады) ескере отырып, АФСА-ның мұндай талапты қолдану туралы мәлімдеуі тиісті реттеу тұрғысынан мақсатқа сай емес болар еді. Бұл ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде Сот үшін маңызды фактор. Төменде сипатталған шешім шығарылғаннан кейін орын алған, Cashdrive Жазбаша директиваның түсіндірілуіне және қайтарылып алынуына қол жеткізуге ұмтылған пікір алмасу көлемі сияқты. Алайда, істің АФСА-ның шешімдер қабылдау бойынша дұрыс процедуралық тәсіліне қатысты екендігі мен жан-жақты аргументтелген және олар бойынша Соттың ойластырылған қорытындылар жасауы пайдалы болатын бірқатар мәселелерді қозғайтыны маңыздырақ. Осы себептерге байланысты мерзімді апелляцияны мәні бойынша қарастыру үшін қажет уақытқа ұзарту мақсатқа сай.

Апелляция үшін негіздер және сұралған құқықтық қорғау құралы

19. Cashdrive ақыр соңында ұсынған апелляция негіздерін қысқаша келесі түрде баяндауға болады:
- (1) процестік әділеттілік талаптарының бұзылуы, соның ішінде ұсынылып отырған шешім туралы хабардар болу және шешім қабылданғанға дейін ол туралы өз ойларын білдіру құқығын қоса, FSFR белгілеген процедуралардың сақталмауы;
 - (2) Қазақстанда тұратын жеке тұлғаларға қарыз беру Лицензия берілген күні қолданыста болған Лицензия шарттары мен заңнамаға толық сәйкес келген мән-жайларда Cashdrive бизнес жүргізуге Валюталық қағидаларды қолданған кезде құқықтық қателік жіберілуі және/немесе заңды күтулердің бұзылуы; және
 - (3) Бизнес жүргізу қағидаларының Кәсіби клиенттерді бағалауға қатысты дұрыс түсінілмеуі немесе дұрыс қолданылмауы.
20. Өзгертілген талап арыз нысанында Сотқа мынандай өтініш бар: (а) Жазбаша директива шығару кезінде АФСА-ның FSFR процедурасын бұзғаны туралы бұйрық шығару, (б) Жазбаша директиваның күшін жою туралы бұйрық шығару, (в) Cashdrive-тің Бизнес жүргізу қағидаларын сақтайтыны туралы бұйрық шығару, (г) Cashdrive Лицензия шарттарына сәйкес бизнес жүргізуге құқылы екендігі туралы бұйрық шығару және (д) Сот әділ және мақсатқа сай деп санайтын өзге де көмекті ұсыну. FSFR-дың 11(4) тарауына сәйкес Cashdrive назары АФСА-ның заңнамалық иммунитетіне аударылғаннан

кейін залалды және жоғалған пайданы өтеу туралы талаптар қанағаттандырылмай қалдырылған.

АФСА-ның тиісті өкілеттіктері

21. АХҚО Конституциялық заңының 12-бабы АФСА-ны құру мен оның қаржылық қызметтерді және олармен байланысты қызмет түрлерін реттеу үшін жауапкершілігін көздейді. FSFR-ға сәйкес АФСА авторизациялау және қадағалау бойынша өте кең өкілеттіктерге ие. Оның негізгі функциялары, өкілеттіктері мен міндеттері FSFR-дың 7-бөлімінде баяндалған. 7(3) бөлімде көрсетілген мақсаттарға (Реттеу мақсаттары) мыналар кіреді: *«(б) АХҚО-ның қаржылық нарықтарында әділдікті, тиімділікті, ашықтықты және тәртіпті қамтамасыз ету; (в) Орталықтың Қатысушылары үшін әділ, ашық және кемсітпейтін жағдайлар жасау; (г) АХҚО-ның қаржылық жүйесі мен реттеу режиміне сенімді нығайту және қолдау; ... (д) АХҚО-ның беделіне немесе АХҚО-да жүзеге асырылатын қаржылық қызметке нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттерді тиісті шаралар қабылдау жолымен, соның ішінде санкциялар салу арқылы болдырмау, анықтау және олардың жолын кесу; (е) инвесторлар мен қаржылық қызметтерді пайдаланушылардың мүдделерін қорғау ...»*.
22. FSFR-дың 35(1)(а) бөліміне сәйкес, АФСА Лицензия алуға, Лицензияны өзгертуге немесе қайтарып алуға берілген өтінімді шарттарсыз, шектеулерсіз немесе талаптарсыз немесе ол қажет деп санайтын шарттармен, шектеулермен немесе талаптармен қанағаттандыра алады. 95(1) бөліміне сәйкес, ол 1-тараудың 8-бөлігінде көрсетілген кез-келген өкілеттіктерді өзінің реттеушілік мақсаттарына сәйкес қажет немесе қалаулы деп санайтын кез-келген уақытта жүзеге асыра алады. 1-тараудың 8-бөлігінде баяндалған өкілеттіктерге 100(1)(а) бөлімде Уәкілетті тұлғадан АФСА қажет деп санайтын іс-әрекеттерді қабылдауды немесе қабылдаудан тартынуды талап ету өкілеттігі кіреді. 103-бөлімге сәйкес, егер АФСА Уәкілетті тұлғаға қатысты бұйрықтар шығарса, нұсқау берсе немесе тыйым салса немесе FSFR ережесіне, Қағидаларға немесе АФСА басқаратын заңнамаға сәйкес қандай да бір талап қойса, мұндай Уәкілетті тұлға, егер оның ақылға қонымды себептері болмаса, мұндай бұйрықты, нұсқауды, тыйымды немесе талапты орындауы тиіс.

Валюталық қағидалар

23. Валюталық қағидалар АХҚО Конституциялық заңының 5-бабын орындау үшін әзірленген, оған сәйкес АХҚО аумағында қаржылық және кәсіби қызметтер көрсетумен байланысты валюталық операцияларды жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісім бойынша қабылданатын АХҚО актілерімен реттеледі. Осы рәсімге сәйкес Қағидаларды Ұлттық Банктің басқарушысы және АХҚО Басқарушысы ресімдеді. Қағидалардың тиісті ережелері келесідей:

«3.1.1: Егер АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасында және (немесе) [Қазақстан Республикасының] заңнамасында өзгеге тыйым салынбаса, АХҚО қатысушыларының АХҚО қатысушылары болып табылмайтын

резиденттерге қаржылық және ілеспе қызметтерді осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес қана көрсетуге құқығы бар.

2-қосымша: АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттерге АХҚО қатысушылары ұсынатын қаржылық қызметтердің тізімі

№ Қызметтің атауы

Валюта

...

1.2 Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына қарыздар Шетелдік»

24. Джаффи мырзаның жазбаша ұсынымдарында (Тукулов мырза бұл мәселе мәлімделмеген деген негізде оған қарсылық білдірген, бірақ мен Қағидаларды қоғамдық мүддесін түсіндіретін болғандықтан назарға алу орынды деп санайтын бөлігінде) Валюталық қағидалар реттеумен, валюталық бақылаумен және фискалдық жүйемен байланысты себептер бойынша қабылданды деп түсіндірілді. Барлық қаржылық қызметтер Қазақстан резиденттеріне қолданыстағы жергілікті реттеу режимінен тыс, валюталық бақылаудың қандай да бір қолданылатын шаралары қолданылмай және АХҚО-ның салық режимі пайдаланылып ұсынылғаны қалаусыз болар еді. Қағидалар Қазақстан резиденттеріне АХҚО-дан қандай қаржылық қызметтер көрсетіле алатынын айқындайды. Жеке тұлғаларға қарыздар 2-қосымшадағы Қазақстан резиденттеріне ұсынылуы мүмкін қаржылық қызметтер тізіміне енгізілмегені осы мақсаттар үшін шешуші жайт болып табылады.

Бизнес жүргізу қағидалары

25. Бизнес жүргізу қағидаларында (Бизнес жүргізу қағидаларының 2.1.1 тармағы) кез-келген тұлғаға кез-келген қаржылық қызмет көрсететін Авторландырылған компания бұл тұлғаны клиенттердің келесі санаттарының біріне жатқызуы керек деген ереже бар: Бөлшек сауда клиенті, Кәсіби клиент немесе Нарықтық контрагент. Бизнес жүргізу қағидаларының 2.3.1-тармағына сәйкес, Авторландырылған компания Тұлғаны Кәсіби клиент ретінде жіктей алады, егер бұл Тұлға (а) Кәсіби клиент болып саналу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келсе немесе (б) Бизнес жүргізу қағидаларының 2.6 тармағына сәйкес бұл тұлға Бөлшек сауда клиенті ретінде жіктелмеген жағдайда, Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.1 немесе 2.5.5-тармақтарына сәйкес, Бағаланған кәсіби клиент болу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келсе. Бұл жағдайда Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.1-тармағына сәйкес Бағаланған кәсіби клиент ретінде жіктеу туралы сөз болып отыр, онда мыналар көзделген:

«2.5.1. Бағаланған кәсіби клиенттер: Жеке клиенттер

Бизнес жүргізу қағидаларының 2.3.1-тармағының мақсаттары үшін Авторландырылған компания жеке клиентті Бағаланған кәсіби клиент ретінде қарастыра алады, егер:

(а) Клиенттің кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтері бар болса; және

(b) немесе:

- (i) Авторландырылған компания ақылға қонымды негізде клиенттің тиісті қаржылық өнімдер, қаржылық қызметтер, мәмілелер және кез-келген байланысты тәуекелдер туралы жеткілікті тәжірибесі мен түсінігі бар деп санаса; немесе*
- (ii) Клиент алдыңғы екі жылдың ішінде Авторландырылған компанияда немесе кез-келген басқа уәкілетті немесе реттелетін қаржылық институтта, соның ішінде банкте, бағалы қағаздар компаниясында немесе сақтандыру компаниясында қаржылық өнімдердің, қаржылық қызметтердің немесе болжамды операциялардың түрін білу талап етілетін лауазымдарда жұмыс істесеі немесе жұмыс істеген болса; және*

(c) Келесі рәсім сақталса:

- (i) Клиент Авторизацияландырылған компанияға өзі: (1) жалпы алғанда; (2) белгілі бір Қаржылық өнімге, Қаржылық қызметке немесе Транзакцияға қатысты; немесе (3) Қаржылық өнімнің, Қаржылық қызметтің немесе Транзакцияның түріне қатысты Кәсіби клиент ретінде қарастырылғанын қалайтынын жазбаша түрде растауы тиіс;*
- (ii) Авторландырылған компания бөлшек сауда клиенті ретінде жіктелуден бас тарту нәтижесінде клиент жоғалтуы мүмкін қорғаныс шараларын көрсете отырып, клиентке жазбаша түрде нақты ескерту беруі тиіс; және*
- (iii) Клиент мұндай қорғауды жоғалтудың салдары туралы білетіндігін жазбаша түрде, клиенттік келісімге немесе басқа да шартқа кірмейтін жеке құжатта растауы тиіс».*

Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.2 тармағында Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.1(а) тармағының мақсаттары үшін жекелеген клиенттің таза активтерін есептеуге (а) клиенттің негізгі тұрғылықты жерінің құны кірмеуі тиіс және (б) клиентке тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез-келген активтер кіруі мүмкін.

Іс-жүзіндегі жағдайдың егжей-тегжейлі баяндауы

26. Лицензия алу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. АФСА қызметкерімен алдын ала кездесуден немесе телефон арқылы сөйлесуден және одан кері байланыс алғаннан кейін өтінім беруші өтінімнің жобасын қарауға жібереді. Осы кезеңде одан әрі қарайғы ұсыныстар алғаннан кейін өтінім беруші ресми құжаттар топтамасын тапсыруға кіріседі. АФСА қызметкері өтінімде берілген құжаттарды талдау негізінде тәуекелдерді бағалау туралы есеп дайындайды, содан кейін құжаттарды Рұқсаттар, ерекшеліктер және

өзгерістер жөніндегі комитетке тапсырады. Бекіту шарттар мен талаптардың орындалуына байланысты болуы мүмкін.

27. Осы істе Cashdrive өтінімінің жобасын қарағаннан кейін АФСА өз ұсынымдарын 2021 жылғы 15 маусымдағы хатта ұсынды. Cashdrive-тің ресми құжаттар топтамасы 2021 жылдың 27 шілдесінде ұсынылды және онда, жалпы алғанда, компания өзінің операциялық қызметінде заңды тұлғаларға кредиттер беруге басты назар аударатыны; жеке тұлғалар клиенттің қаржылық тұрақтылығын растау мақсатында сақтық шаралары, соның ішінде қаржылық есептілікті және ашық көздерден алынған басқа да ақпаратты тексеру аяқталғаннан кейін ғана қызмет көрсетуге қабылданатыны туралы мәлімдемелер қамтылды. Болашақ нысаналы нарықтар заңды тұлғалар да, сол сияқты жеке тұлғалар да болды. Сол күні-ақ Банк бизнесі бойынша көмекші нысан ұсынылды, онда Cashdrive микроқаржы қызметімен айналыспайтыны және әл-ауқаты орташа және жоғары жеке тұлғалармен және табысы жоғары заңды тұлғалармен жұмыс істейтіні; заңды тұлғалар клиенттердің негізгі түрі болатыны, дегенмен әл-ауқаты жоғары жеке тұлғаларға кредит беру де бизнестің ажырамас бөлігі болатыны туралы мәлімдемелер бар. Тағы бір ұсынылған құжат Кредиттік саясат пен процедуралар жөніндегі нұсқаулық болды, онда Cashdrive-тің Кредиттік комитетінің қарыз алуға берілген өтінімдерді қарау мен бекітудегі рөлі сипатталды. АФСА-ның Cashdrive мәлімдемесі бойынша тәуекелдерді бағалау туралы есебінде клиенттердің негізгі түрі ретінде заңды тұлғаларды анықтауды қоса алғанда, осы материал көрініс тапты.
28. 2021 жылғы 23 тамызда АФСА Cashdrive-тен АХҚО-да тіркелгендігінің дәлелдерін 30 күнтізбелік күннің ішінде ұсынуды талап ететін түбегейлі мақұлдау туралы хат берді. АФСА-ның Тіркеу туралы сертификатын Cashdrive компаниясы тиісті түрде берген. Осыдан кейін АФСА 2021 жылдың 2 қыркүйегіндегі лицензияны берген. Авторизация туралы ілеспе хатта Лицензияның қоса берілген тәуекелдерді басқару бағдарламасының талаптары сақталған жағдайда берілгені ғана емес, сонымен қатар қызмет басталғаннан кейін *«ол АХҚО-ның қолданыстағы Регламентімен және Қағидаларымен және олардың құрамындағы түрлі талаптармен таныстырылғанына»* Cashdrive-тің көз жеткізуі тиістігі туралы да айтылған.
29. Осы сәт пен Жазбаша директива шығару арасындағы оқиғалар жоғарыдағы 4-5 тармақтарда егжей-тегжейлі сипатталған: Cashdrive Тәуекелдерді басқару бағдарламасының ережелеріне сәйкес келетіндігі туралы АФСА-ның растауы, Cashdrive қызметінің басталуы және Cashdrive құжаттарының 2022 жылғы қазаннан 2023 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде тоқсан сайынғы есептер түрінде және АФСА сұрауына жауап ретінде АФСА-ға ұсынылуы. 2023 жылғы 15 наурызда шығарылған Жазбаша директиваның шарттары жоғарыдағы 6-тармақта көрсетілген.
30. Cashdrive-тің өтініші бойынша 2023 жылғы 27 наурызда АФСА-мен кездесу өтті, онда АФСА Жазбаша директиваның талаптарын және оны орындау қажеттілігін түсіндірді, сондай-ақ, негіздер болған жағдайда оны орындау мерзімі аздап кейіндетілуі мүмкін екенін көрсетті. Осыдан кейін Cashdrive-тен Валюталық қағидалардың қолданылуын түсіндіру өтініш етілген және Cashdrive өз қызметін Лицензия шеңберінде жүзеге асыратыны мәлімделген 2023 жылғы 28 наурыздағы егжей-тегжейлі хат келді. Хатта

сондай-ақ Жазбаша директивада көрсетілген Бизнес жүргізу қағидаларын түсіндіру туралы өтініш болды. Онда АФСА-ның 2022 жылғы 30 қарашадағы сұрауына жауап ретінде 44 клиент бойынша *«клиенттен алынған растайтын құжаттармен қоса, клиенттің өзіне берілген қаржылық өнімді және онымен байланысты тәуекелдерді түсінуін мұқият талдауды, оның ұқсас кредиттік мәмілелердегі тәжірибесін тексеруді, мәмілелердің осы түрлерімен байланысты тәуекелдерді түсінуді және осындай мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындауды ашатын»* құжаттар ұсынылғаны айтылған. Онда Жазбаша директивада 15 клиент аталғаны көрсетілді, олардың тізімі сұралды және Cashdrive компаниясының қалған 29 клиент (44 клиент тізімінен) дұрыс бағаланған деп түсінуі дұрыс па деп сұралды. Одан әрі қарай Бизнес жүргізу қағидаларының талаптарын орындау үшін Cashdrive компаниясы клиенттердің деректерін үш сатылы тексеруді жүргізгені, оның егжей-тегжейліліктері баяндалып, келтірілген мысал көрсетілді. Одан әрі қарай хатта *«барлық клиенттерді компания талдап, сауал алу жүргізетіні және қажетті құжаттар топтамалары Бизнес жүргізу қағидаларының және АФСА мен АХҚО-ның басқа да нормативтік актілерінің немесе ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес дайындалатыны»* және *«барлық құжаттар, сондай-ақ компанияның барлық 44 клиент бойынша клиенттерді жіктеу жөніндегі шешімі туралы есептер АФСА-ның 30.11.22 ж. сұрауы шеңберінде берілгені»* айтылған. Бұдан басқа, онда *«44 клиенттің әрқайсысында қарыз беру саласында жұмыс тәжірибесі бар екендігі туралы, компанияның клиенттері ұсынған, бұрын АФСА-ға 30.11.22 ж. сұраудың шеңберінде жіберілген кредиттік бюролардың есептерімен расталған деректер»* келтірілген кесте болды. Сұрауда Бизнес жүргізу қағидаларын бұзу туралы толығырақ ақпарат болды және *«әрбір 15 жағдайда әрбір осындай бұзушылық фактісін қоса беріп және Бизнес жүргізу қағидаларының белгілі бір тармағын көрсетіп, мұндай бұзушылықты жазбаша түсіндіру»* талап етілді. Хаттың қалған бөлігі Cashdrive компаниясының Жазбаша директиваның мерзімін ұзарту туралы өтінішіне қатысты болды.

31. АФСА-ның 2023 жылғы 12 мамырдағы жауабында Cashdrive көтерген мәселелер, нақты клиенттерге сілтеме жасалмаса да, қысқаша қарастырылды. Валюталық қағидалардың қолданылуына келетін болсақ, онда Қағидалардың тиісті ережелері мен олардың қолданылуы тізіліп көрсетілді. Бизнес жүргізу қағидаларына қатысты кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде активтерге ие болу талабына баса назар аударылды:

*«Клиенттердің құжаттамасын зерделеп, АФСА CASHDRIVE Ltd (i) клиенттердің таза активтері бойынша қандай да болмасын есептеулер жүргізгенінің немесе (ii) клиенттердің олардың кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтерге иелік ететіндігін дәлелдейтін кез-келген растау құжаттары бар істерін сақтағанының дәлелдерін таппады. Бұның орнына CASHDRIVE Ltd көшірілген декларация нысанын клиенттерге қол қою үшін және клиенттің кемінде 100,000 таза активтері бар екенін растау үшін берген, бұл Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.1 және 2.5.2 талаптарына сәйкес келмейді. Тұлғаның кемінде 100 000 АҚШ доллары мөлшерінде таза активтері бар екендігі туралы құр декларация беру бұл тұлғаның кем дегенде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтерге **шынымен де** иелік ететінін білдірмейді. Демек, бұл Cashdrive Ltd компаниясының клиенттерді жіктеуге атүсті*

қарайтынын және CASHDRIVE Ltd заңнама талаптарын фирма маңызды деп қарауы тиіс реттеуші қажеттілік деп қарастырғаннан гөрі, бюрократиялық мәселе ретінде қарастыратынын білдіреді. Осыған байланысты АФСА CASHDRIVE Ltd мен оның басшылығы тиісті шеберлікпен, зейінмен және ыждағаттықпен әрекет етеді деп санамайды. Талаптарды тиімді орындау - бұл құр формалды өтініштер мен декларацияларды тексеру емес, жұмыс тәсілі.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, АФСА-ның пікірінше, CASHDRIVE жоғарыда аталған Бизнес жүргізу қағидаларын бұзып отыр, өйткені:

- клиенттердің таза активтерін дұрыс есептеуге қабілетсіз;*
- клиенттерден олардың кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтерге иелік ететінін растайтын растау құжаттарын жинауға қабілетсіз».*

Хатта сондай-ақ Жазбаша директиваның орындалу мерзімін 4 айға ұзарту туралы ұсыныс болды.

32. Cashdrive 2023 жылдың 3 шілдесі күні қойылған тағы бір хат жолдады, онда ол АФСА дәлелдерімен келіспейтінін білдіріп, қосымша түсініктеме беруді сұрады. Онда Валюталық қағидаларды қолданудың "кері күшіне" күмән келтірілді. Онда Бизнес жүргізу қағидаларының 2.5.1-тармағының ережелерінде «компаниядан активтердің құнын өз бетінше есептеу және/немесе активтердің құны туралы растау құжаттарын алу, сондай-ақ осы құжаттарды тексеру талап етілмеген» және есептеуге клиентке тікелей немесе жанама тиесілі активтер кіруі мүмкін деп көрсетілген. Онда үшінші тараптардың келісімін алу қажет болғандықтан, жанама иеліктегі активтерге клиенттер растау құжаттарын бере алмайтыны айтылды. Онда «активтерді бағалау әдістемесі» клиенттерге берілгені, олар оны активтердің құнын есептеу үшін пайдаланғаны және мұндай есептеулерді өз беттерінше есептей алатын болғаны немесе консалтингтік компанияларға жүгіне алатын болғаны мәлімделген; және «бағалаудың есептеу әдістемесіне сәйкес жүргізілгені кепілдендіріліп, бағалау нәтижелеріне клиенттер қол қояды және оны кәсіби клиенттерді жіктеуге арналған құжаттар топтамасына қоса береді немесе активтерді бағалауға арналған растау құжаттарын ұсынады, бұл компанияның клиенттерді жіктеу туралы есебінде көрсетілген, біз оны әрбір клиентіміз үшін [2022 жылғы] желтоқсанда бердік» деп мәлімделген. Онда АФСА осы уақытқа дейін Бизнес жүргізу қағидаларын бұзған 15 клиенттің тізімін берген жоқ деген шағым болды. Жалпы алғанда АФСА-ның кәсібилік пен ыждағаттық жоқтығы туралы пікірлерімен компанияның мүлде келіспейтіндігін білдірді және Бизнес жүргізу қағидаларының барлық талаптары тиісті түрде және толық көлемде орындалды деуінен қайтпады. Сондай-ақ, онда Жазбаша директивада баяндалған талаптарды орындау мерзімін ұзарту туралы өтініш болды.

33. АФСА-ның 2023 жылғы 9 тамыздағы жауабы Валюталық қағидаларды қолдануға бағытталған, онда, соның ішінде, «Валюталық қағидалардың қолданылу аясына түсетін барлық қаржылық ұйымдар өз қызметтерін Валюталық қағидалардың талаптарымен сәйкестікке келтірулері тиіс» және Cashdrive өз қызметін тек 2022

жылдың шілдесінде бастады, «сондықтан да Валюталық қағидаларды тікелей сақтауы тиіс болатын» делінген. Онда Cashdrive Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын кәсіби клиенттер ретінде бағаланатын жеке тұлғаларға және Қазақстан резиденті болып табылатын-табылмайтынына байланыссыз заңды тұлғаларға әлі де кредиттер бере алады (бірақ Қазақстан резиденті-заңды тұлғалар жағдайында шетел валютасымен ғана) деп көрсетілген. Алайда, Cashdrive аргументтерін назарға ала отырып, компания Қазақстан резиденттері болып табылатын жеке тұлғалармен жасалған қарыз шарттарының барлығын бұзу (немесе жаңадан құрылған компанияға беру) мерзімін 1 қыркүйекке дейін ұзартуға келісті.

34. 2023 жылғы 4 қазанда өткен Cashdrive пен АФСА арасындағы кездесуде АФСА Валюталық қағидалар мен Бизнес жүргізу қағидаларына қатысты өз ұстанымын растады. Бейбіт шешімнің келешегі жоқ екенін түсіне отырып, Cashdrive сол айдың аяғында өзінің Талап арыз нысанын берді.

Процестік әділдік

35. Шешім қабылдаушы тұлғаның әділ әрекет ету міндеті FSFR-да егжей тегжейлі процестік кодекс түрінде бекітіліп көрсетілген. FSFR-дың 10(1) бөлімінде былай делінген: «Егер осы Регламенттің немесе оған сәйкес қабылданған Қағидалардың ережелері АФСА-дан шешім қабылдауды талап етсе, АФСА 1-қосымшада баяндалған шешімдер қабылдау процедураларын ұстанатын болады». 1-қосымшаның 2-параграфында ол Регламенттің немесе Қағидалардың қандай да бір ережесі АФСА-дан шешім қабылдауды талап етсе немесе оған мүмкіндік берген жағдайда, 3-параграф (оның осы мақсаттар үшін маңызы жоқ) ескеріле отырып қолданылады делінген.
36. Қосымшаның ережелері егжей-тегжейлі сипатталған. Төменде қарастырылатын шұғыл жағдайларды қоспағанда, талап етілетін процедуралар келесідей болып табылады:

«4. Өз арыздарын шешім қабылданғанға дейін беру мүмкіндігі»

- (1) Егер АФСА осы Қосымша қолданылатын шешімді қабылдауды ұсынса, ол бұл туралы алдымен Тиісті адамға хабарлауы керек:

(a) (2) тармақта көрсетілген ақпарат бар жазбаша хабарлама ("Алдын-ала хабарлама"); және

(b) АФСА қабылдауды ұсынатын шешімге қатысты өз арыздарын АФСА-ға өз қолымен және жазбаша түрде ұсыну мүмкіндігі.

- (2) Алдын ала хабарламада:

(a) ұсынылатын шешім көрсетілуі тиіс;

(b) ұсынылып отырған шешімнің себептері, фактілер бойынша кез-келген ұсынылатын қорытындылармен қоса көрсетілуі тиіс;

(c) ұсынылып отырған шешімді қабылдау кезінде қаралған тиісті материалдардың көшірмесі болуы тиіс;

(d) ұсынылып отырған шешімге қатысты АФСА-ға арызбен жүгіне алатындығы туралы Тұлғаға хабарлануы тиіс; және

(e) кез-келген арыздарды қалай және қашан беруге болатыны көрсетілуі тиіс.

(3) 2(c) тармақшаның мақсаттары үшін, АФСА

(a) материалдарға сілтеме жасай алады (көшірмесін берудің орнына), егер олар Тиісті тұлғаның иелігінде немесе жалпыға қолжетімді болып қойса; ...

....

(5) Егер АФСА арыздарды Алдын-ала хабарламада көрсетілген мерзімнің ішінде алса, ол шешім қабылдаған кезде оларды қарауы тиіс.

(6) Егер арыздарды қаралғаннан кейін АФСА:

(a) ұсынылған шешімді қабылдау (ұсынылған түрде немесе өзгертулермен) туралы шешім қабылдаса, онда ол 5-параграфқа сәйкес Тұлғаға шешім қабылдау туралы хабарлама жіберуі тиіс ...

....

5. Шешім қабылдау туралы хабарлама

(1) Егер АФСА осы Қосымша қолданылатын шешімді қабылдау туралы шешім қабылдаса, ол барынша қысқа мерзім ішінде Тиісті тұлғаға мыналарды көрсете отырып, жазбаша хабарлама ("Шешім қабылдау туралы хабарлама") жолдауы тиіс:

(a) шешім;

(b) шешім қабылдаудың себептері, фактілер бойынша қорытындыларды қоса;

(c) шешімнің күшіне енетін күні;

(d) егер қолдануға келетін болса, Тұлға кез-келген тиісті әрекетті қабылдауы тиіс күн; және

(e) Тұлғаның АХҚО сотының шешімін қайта қаралуына қол жеткізуге ұмтылу құқығы.

(2) Шешім қабылдау туралы хабарламада шешім қабылдау кезінде қаралған тиісті материалдардың көшірмесі болуы тиіс.

(3) (2) тармақшаның мақсаттары үшін, АФСА:

(a) материалдарға сілтеме жасай алады (көшірмесін берудің орнына), егер олар тиісті тұлғаның иелігінде немесе жалпыға қолжетімді болып қойса.

37. 4(7) және 6-тармақтарда егер процедураларды сақтау нәтижесінде туындауы мүмкін кез-келген кідіріс пайдаланушылардың немесе АФСА-ның мүдделеріне нұқсан келтіреді деген қорытындыға келсе, АФСА-ға 4(1)-(6) параграфтардың талаптары керек болмайды деген шектеулі ереже қарастырылған, бірақ бұл жағдайда Шешім қабылдау туралы хабарлама жарияланғаннан кейін ұсынымдар беру және оларды қарау үшін мүмкіндік берілуі тиіс. Тиісті ережелерде былай делінген:

«Егер осы тармақта көрсетілген процедураларды сақтаудың нәтижесінде туындауы мүмкін кез-келген кідіріс қаржылық қызметтерді тікелей немесе жанама пайдаланушылардың мүдделеріне нұқсан келтіреді немесе АХҚО мүдделеріне өзгеше түрде нұқсан келтіреді деген қорытындыға келсе:

(a) (1) - (6) тармақшалардың талаптары қолданылмайды; және

(b) шешім қабылданғаннан кейін АФСА тұлғаның өз қарсылықтарын 6-параграфта көрсетілген процедураларға сәйкес беруіне мүмкіндік ұсынуы тиіс.

6. Шешім қабылданғаннан кейін арыз беру мүмкіндігі

(1) Егер бұл тармақ 4(7) параграфқа сәйкес қолданылса, АФСА:

(a) Тиісті тұлғаға өз арыздарын АФСА-ға 5-тармаққа сәйкес шешім қабылдау туралы хабарлама Тұлғаға тапсырылған күннен бастап 14 күннің ішінде немесе келісуге болатын қосымша мерзімнің ішінде өз қолымен және жазбаша түрде ұсынуына мүмкіндік беруі тиіс; және

(b) Шешім қабылдау туралы хабарламада Тиісті тұлғаға оның шешімге қатысты арыз бере алатындығы туралы хабарлауы және арызды қалай және қашан беруге болатынын хабарлауы тиіс.

....

(2) Егер АФСА Шешім қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімнің ішінде арыздар алса, бұл жағдайда ол шешімді растау, қайтарып алу немесе өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде осы арыздарды қарауы тиіс.

(3) Егер алынған арыздарды қарағаннан кейін АФСА шешім қабылдайтын болса:

(a) шешімді растау үшін ол шешім күшінде қалатыны туралы Тұлғаға жазбаша түрде мүмкіндігінше тез хабарлауы тиіс (Тұлғаның мәселені АХҚО сотына қайта қарау үшін беруге кез-келген құқығын ескере отырып)».

38. Бұл процедуралық талаптар шешім қабылдау барысында процестік әділеттіліктің негізгі қағидаттары сақталуы қамтамасыз етілуін ғана емес, сонымен қатар тиісті түрде негізделген және аргументтелген шешімдер қабылдануына да ықпал етеді. Алайда, бұл істің қиын ерекшелігі осы заңмен белгіленген рәсімді Жазбаша директива мәселесіне

қатысты қолдануға АФСА тарапынан қандай да болмасын талпыныстың мүлде жоқтығы болып табылады. Калиев мырза өзінің айғақтарында былай деп шынайы мәлімдейді: *«Ол кезде біз 1-қосымшада қарастырылған процедураны қолданған жоқпыз, өйткені АФСА оны Жазбаша директиваға қолданылмайды деп санады. Бұл интерпретация қателігі болды, одан бері дұрыс ұстаным қағидаларда түсіндірілді»*. Түсіндіру FSFR -дың 100-бөліміне түзету ретінде жасалды (Жазбаша директиваның талаптарының енгізілуіне негіз болған бөлім), онда жаңа 100(3) бөлімде *«1-қосымшада көзделген шешім қабылдау рәсімдері АФСА осы бөлімге сәйкес қабылдаған шешімге қолданылады»* деп тікелей көрсетілген. Алайда, 1-қосымшада көзделген рәсімдер осы нақтылайтын түзетуге дейін де заң бойынша қолданылғанын АФСА мойындайды; және АФСА өзінің өкілі арқылы осы істе орын алған процедуралық дәлсіздіктер үшін кешірім сұрады. Бұл дәлсіздіктердің ауқымы қандай болды екен?

39. Джаффи мырза АФСА Жазбаша директива жарияланғаннан кейін арыз беру құқығы туралы Cashdrive-ті хабардар етпей қате жіберді, сондай-ақ, Cashdrive-ге Жазбаша директива шығарылғанға дейін арыз беру мүмкіндігін беру талабы болған жоқ, өйткені 1-қосымшаның 4(7) тармағын заңды түрде қолдана отырып, АФСА алдын-ала хабарлау және консультациялар нәтижесінде туындауы мүмкін кідіріс клиенттердің мүдделеріне және АХҚО мүдделеріне нұқсан келтіретін еді деп санағанын мәлімдейді. Аргументтің мәні мынада болып табылады: кідіріс көбірек клиент (АФСА-ның пікірінше, кәсіби клиенттер болып табылмаған) қабылданатынын және олар алуға тиіс емес ақша қарызға берілетінін білдірер еді және кідіріс, Валюталық қағидалар мен Бизнес жүргізу қағидаларын айқын және елеулі бұзумен кредиттеуді жалғастыруға мүмкіндік беріп, АХҚО мүдделеріне нұқсан келтірген болар еді: Cashdrive жосығы нормативтік периметр тиісінше сақталатын, тиісті түрде реттелетін қаржы орталығы ретіндегі АХҚО мүдделеріне нұқсан келтірді. Тағы бір аргумент - кәсіби клиенттер болып табылмайтын жеке тұлғаларға кредит беру лицензия шегінен шықты және Cashdrive-ті FSFR-дың 24-бөлімінде көрсетілген жалпы тыйымды бұзуға әкелді, бұның кредиттік келісімшарттарды орындау үшін және өзінің төлем жасауға қабілеттілігі үшін ауыр салдары болуы мүмкін болды.
40. Бұл аргументтердің нақты расталуын АФСА-ның куәгерлерінің айғақтарынан табуға болады. Мысалы, Қалиев мырза *«Cashdrive тарапынан орын алған елеулі бұзушылықтар АФСА-ның беделі мен оның периметрінің тұтастығына қауіп төндірді. Кешеуілдеу АХҚО мен Cashdrive клиенттеріне залал келтірер еді»; және «тұтынушылар үшін одан әрі қарайғы залалды барынша азайту үшін кідіріссіз әрекет ету маңызды болды»* дейді. Екінші жағынан, Жалпы тыйым тиісті сәтте АФСА-ның ой-пікірінде қандай да бір рөл атқарғанын ештеңе көрсетпейді. Оның үстіне Cashdrive-пен тиісті құжаттарға қатысты 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы соңғы байланыс пен 2023 жылдың 15 наурызында Жазбаша директиваның шығарылуы арасында үш ай – Cashdrive бизнесті жүргізуге қатысты ешқандай қауіпін айтып білдірмеген кезең өтуі фактісі – Cashdrive-тің шешім қабылдағанға дейін мәлімдеме жасауына мүмкіндік бермей әрекет етудің қажеттілігіне күмән келтіруге мәжбүр етеді. Мен сондай-ақ Жазбаша директиваның өзінде қауырттық туралы ештеңе айтылмағанын атап өтемін. Шынында да, қауырттық туралы және кідірістерді

болдырмау қажеттілігі туралы алғашқы ескерту АФСА-ның толықтырылған қорғауында бірнеше айдан кейін пайда болды.

41. Егер 1-қосымшаның 4(7) тармағының ережелеріне сәйкес жан-жақты ойластырылған қорытындылар шығарылғанда, Сот реттеуші органның мұндай мәселе бойынша шешіміне күмән келтірмейтін еді. Алайда, осы істің мән-жайларында қауырттық туралы аргументпен келісу маған қиын және мен Алдын-ала хабарлама жіберуді және 4(1)-(6) тармаққа сәйкес өз арыздарын шешім қабылданғанға дейін ұсыну мүмкіндігін қоса, барлық рәсімдік кепілдіктер іске қосылғанына, осыдан кейін 5-тармаққа сәйкес Шешім қабылдау туралы хабарлама жіберілгеніне сүйенген дұрыс деп санаймын.
42. Бұл процедураның сақталмауы үлкен түсінбестік тудырады, бірақ мен бұл, Cashdrive айтқандай, шешімді ерікті еткен және кейіннен түзетуге болмаған міндетті түрде түбегейлі кемшілік болды дегенмен келіспеймін. Бұл айтарлықтай бұзушылық па әлде жоқ па - ол Жазбаша директиваның мазмұнына, оның Шешім қабылдау туралы хабарламаның талаптарына қаншалықты сәйкес келгеніне, осы шешімге байланысты шешім қабылданғаннан кейін арыз беруге Cashdrive-тің қаншалықты қабілетті болғанына, бұл арыздарды АФСА-ның әділ қараған-қарамағанына және шешім қабылданғаннан кейінгі мәлімдемелерде немесе шешімге негіз болған аргументтерді осы талқылау барысында көтерілген кез-келген қандай да болмасын жайт бұзатын-бұзбайтынына немесе бұзуы мүмкін-мүмкін еместігіне байланысты.
43. Жазбаша директиваның мазмұнына қатысты Cashdrive шағымдарын, негізінде, осы шешімнің келесі бөлімдерінде қарастырылатын Валюталық қағидалар мен Бизнес жүргізу қағидаларын қолдануға қатысты елеулі мәселелермен бірге қарастырған дұрыс.
44. Жазбаша директивада, Қосымшаның 5(1)(е) және/немесе 6(3)(а) тармақтарына талап етілгендей, Cashdrive компаниясының шешімді осы Сотта қайта қарау құқығы көрсетілмегенін АФСА мойындайды. Бұл қатенің елеулі болмағандығы айқын. Cashdrive заңгерлік кеңесті ертерек кезеңде алған болса керек және өзінің апелляцияға беру құқығы туралы білуі тиіс еді. Қалай болғанда да, мерзімін бұзғанымен, ол бұл құқықты пайдаланды және мерзімінің ұзартылуына қол жеткізді, бұл оған осы құқықты толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.
45. Cashdrive-ке бұл шешімге қатысты өз арыздарын беру ұсынылмағанымен, жоғарыдағы 30-34-тармақтарда баяндалған іс жүзіндегі жағдайлардан Cashdrive-тің шынында да ауқымды мәлімдемелер ұсынғаны және оларды АФСА қарап, маңызды жауаптар берілген көрінеді. Токулов мырза әкімшілердің қазақстандық жүйе тәжірибесі қалыптастырған ойлау ерекшеліктеріне және бедел мен қоғамдық имиджге теріс әсері тие ме деген алаңдаушылыққа байланысты шешім қабылданғаннан кейін мемлекеттік мекеме іс жүзінде оны қайтарып ала алмайды деп мәлімдеді. Позиция - оны бағалауға менің құқығым жоқ - кеңірек мағынасында қандай болса да, АФСА-ға немесе оның қызметкерлеріне қатысты қандай да бір осындай болжамдар жасалуы керек дегенмен мен келіспеймін. Іс жүзіндегі жағдай менің АФСА бұл мәселеге көз жұма қарады деген ой қалыптастыруыма әкелмейді. Керісінше, тиісті кредиттік келісімшарттарды бұзудың

немесе табыстаудың мерзімін ұзарту жағдайында болғандай, аргументтердің салмағы Жазбаша директивада баяндалған талаптарды өзгерту пайдасын көрсеткен жағдайларда түзету енгізілді. Басқа бойынша АФСА-ның өз шешімін күшінде қалдыруы фактісі, керісінше мәлімдеулерге қарамастан, шешімнің дұрыстығына оның сенімді болғанына толығымен сәйкес келеді: бұл қорытындының қаншалықты негізді болғандығы осы шешімнің келесі бөлімдерінде қарастырылады. Бұдан басқа, FSFR-дың 1-қосымшасында көрсетілген процестік құрылым (қауырт іс бойынша шешім шығарылғаннан кейін ұсынымдар беру мүмкіндігін және шешімді растау, кері қайтарып алу немесе өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде алынған кез-келген ұсынымдарды қарау міндеттемесін қоса) ақылға көбірек салуды және Тукулов мырзаның мәлімдемесіне қарағанда, осы алынған мәлімдемелер тұрғысынан бағытты өзгертуге әзір болуды ұйғарады және талап етеді.

46. Шешім шығарылғаннан кейінгі немесе осы талқылау барысындағы мәлімдемелерде қозғалған кез-келген жайт шешімге негіз болған аргументтерді бұзады ма немесе бұзуы мүмкін бе дегенге келетін болсақ, бұл мәселені Валюталық қағидалар мен Бизнес жүргізу қағидаларына қатысты мәселелермен бірге мәні бойынша қарастыру ең дұрысы болып табылады.
47. Осы мәселе бойынша пікір тұжырымдауға болатын шамада, қарастырылған мәселелер осы істе процестік бұзушылықтар елеусіз деген қорытындыға саяды. Бұл мәселе бойынша түпкілікті қорытынды, алайда, Валюталық қағидалар мен Бизнес жүргізу қағидаларына қатысты мәселелерді қарау нәтижесінде не белгілі болатынына байланысты болуы тиіс.

Валюталық қағидаларды қолдану

48. Лицензия берілген күні қолданыста болған заңнамаға сәйкес, Қазақстан резиденттері - жеке тұлғаларына кредиттік қаражат беру заңды болғаны жалпыға мәлім. Валюталық қағидалар лицензия берілген күннен кейін, 2021 жылдың 1 желтоқсанында, бірақ Cashdrive Лицензияға сәйкес қызмет көрсетуді жүзеге асыра бастағаннан көп ай бұрын күшіне енді. Қағидалардың тиісті ережелері жоғарыда 23-тармақта баяндалған. Осы ережелердің тиісті қолданылуы, *соның ішінде*, АХҚО қатысушыларының Қазақстан резиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға кредиттік қаражат беруіне тыйым салынуында болып табылады.
49. Алайдао Cashdrive оларға бұл тыйым қолданылмайды немесе АФСА тарапынан қолданылмауы тиіс, өйткені Лицензия Валюталық қағидалар енгізілгенге дейін берілді және кредиттік қаражатты мұндай шектеусіз беруге мүмкіндік берді деп отыр. Cashdrive өз қызметін Лицензия шарттарына және Лицензия берілген күні қолданыста болған АХҚО актілеріне толық сәйкес жүргізді және Валюталық қағидалардың кері күші болған жоқ деп айтылды.
50. Менің шешімімде Cashdrive-тің бұл мәселе бойынша айтқандары негізсіз. Валюталық қағидалардың кері күшінің жоқтығы АФСА ісінің бір бөлігі болып табылмайды және олардың мұны істемегені анық: олардың қолданылуы *басталған күнге* - 2021 жылдың 1

желтоқсанына дейін олар кредиттік қызметтерді ұсынуға қолданылған жоқ. Мен қабылдайтын АФСА ісі жағдайы оларды АХҚО қатысушылары қаржылық қызметтер көрсетуге олардың қызметі басталған күні немесе осы күннен кейін перспективада қолданғандығында және сондықтан олар Cashdrive-тің қарыздарын беруге қолданылғанында болып табылады. Лицензияда мұндай тікелей шектеудің болмағаны және Лицензия берілген күні АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес мұндай шектеудің жоқ болуы фактісі кейінгі заңнаманың қолданылуынан босатпайды немесе алып тастамайды немесе Cashdrive-тің осындай кейінгі заңнаманы сақтамай істерді жүргізуіне құқық бермейді. Лицензия ұстаушы АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауық-ауық әрекет етуге міндетті. Егер бұл заңнама болашақ коммерциялық қызметке қолданыстағы лицензияның негізінде шектеулер салса, онда бұл мұндай шектеулердің лицензия шарттарына енгізілмегені үшін немесе олардың болмағаны үшін алдыңғы заңнамаға сәйкес жауапкершіліктен босатпайды: олар бұрынғыша орындалуы тиіс. (Тукулов мырза Джаффи мырзаның Валюталық қағидалардың ықтимал әсеріне сілтемесі жаңа аргумент болып табылады дегенге қарсылық білдірді, бірақ меніңше бұл дәлел АФСА ісіне басынан бастап сәйкес келетін сияқты және қалай болғанда да айқын болып табылады).

51. Валюталық қағидаларға қатысты балама аргумент ретінде Cashdrive АФСА-ның осы Қағидаларды оларға Жазбаша директива арқылы қолдануы заңды күтулерді бұзу болды деп отыр. АХҚО жаңа қаржылық технологияларды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және икемді әрі болжауға болатын нормативтік орта құруға уәде берді, бұл инвесторлардың мүдделерін құқықтық реттеу мен қорғаудың ашықтығын, айқындығы мен болжауға болатындығын күтуді тудырды делінді. Cashdrive өз қызметін бастаған кезде АХҚО юрисдикциясы тарапынан қолдау көрсетілетініне сенім артады және реттеушімен өзара тиімді ынтымақтастық орнайды деп үміттенеді. Сонымен қатар Cashdrive-тің ақылға қонымды және заңды күтулері АХҚО-ға инвестициялау туралы шешім қабылдау кезінде қолданыста болған АХҚО заңнамасы негізінде қалыптастырылды делінді.
52. Бұл айтылғандар куәгер Геннадий Ким мырзаның айғақтарымен және куәгер Жаухар Рахымбекова ханымның алғашқы айғақтарымен расталады, бірақ бұл мәселе бойынша дәлелдемелерге егжей-тегжейлі тоқталудың қажеті жоқ. Мұндай заңнамалық ереженің орындалуына заңды күтулердің болуы кедергі келтіретіндей жағдайға іс жақындап отырған жоқ. Джеффри мырза мәлімдегендей, заңды күтулер туралы мәлімдеу үшін Cashdrive өзіне қолданылатын реттеу режиміне тиісті өзгертулер енгізілмейтініне уәде алғанын дәлелдеуі керек еді; бірақ мұндай, оның үстіне *«түсінікті, екіұшты емес және тиісті ескертпелері жоқ»* болатындай уәде болған жоқ (*R v Inland Revenue Commissioners, ex p. MFK Underwriting Agents Ltd [1990] 1 WLR 1545 at 1569g*). Тіпті мұндай уәде берілгеннің өзінде, ол заңды күтулердің негізінде жүзеге асырылмас бұрын, қосымша шектеу шарттары орындалуы тиіс (*мысалы, R (Aozora GMAC Investment Ltd арызы бойынша) v Her Majesty's Revenue and Customs [2020] 1 All ER 803 қараңыз*). Қоғамдық мүддеге қатысты маңызды ой-пікірлер бар, уақыт өте келе олар бойынша реттеу режиміне өзгерістер енгізуге реттеуші орган негізінен еркін болуы тиіс және бұл істе нақты өзгеріс қоғамдық мүдде тұрғысынан жасалды. Мұндай ой-пікірлер мұндай заңнаманы жалпы қолданудан алып тастауды ақтайтын заңды күтулерді

мойындауға қарсы ықпал ете алады. (Тукулов мырза Джеффри мырзаның өзінің жазбаша ұсынымдарына сотта қайта қарау бойынша прецеденттік құқықты қосқанына қарсылық білдірді, алайда бұл материалдың мәлімделген іспен тікелей байланысы бар және Тукулов мырзаның оған жауап беруге мүмкіндігі жеткілікті болды).

53. Бұдан шығатыны, что Cashdrive-тің Валюталық қағидаларды бұзып отырғаны туралы АФСА-ның Жазбаша директивадағы қорытындысында ешқандай құқықтық қателік болған жоқ. Қорытындының өзі мен одан туындайтын Cashdrive процедураларын Валюталық қағидалармен сәйкестікке келтіру жөніндегі талаптар заңды түрде негізделген. Шешім шығарылғаннан кейін Cashdrive өз мәлімдемелерінде мәлімдегендерінің немесе ол осы талқылаудың барысында мәлімдегендерінің арасында ештеңе бұл қорытындыға әсер ете алмайды. Сонымен, бұл мәселеде АФСА-ның Жазбаша директиваны құрастыруға қатысты тиісті процедураларды сақтамауы, әлбетте, елеулі болып табылмайды және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну негізделген де, мақсатқа сай да болмас еді.

Бизнес жүргізу қағидаларын Кәсіби клиенттерді бағалау бойынша қолдану

54. Бизнес жүргізу қағидалары жоғарыда 25-тармақта баяндалған.
55. Cashdrive-тің қарыз беру процедуралары, соның ішінде, клиенттерді Кәсіби клиенттер санатына жатқызу процедуралары куәгерлер Рахимбекова ханым мен Пак мырзаның айғақтарында егжей-тегжейлі сипатталған. Мен бәрін егжей-тегжейлі сипаттамаймын, тек кейбір негізгі жайттарға тоқталамын. Қарыз беру процесі Cashdrive компаниясының «Көлік құралының кепілімен қарыз беру қағидаларымен» реттеледі, олар компанияның сайтында орналастырылған көлемді құжат болып табылады. Қарыз алу үшін әлеуетті клиент қарыз тек Кәсіби клиенттерге ғана беріледі деген ережені қамтитын осы Қағидаларды; клиент Кәсіби клиенттің талаптарына сай болған жағдайда ғана кредит беріледі, ал клиент өзінің Кәсіби клиент екенін өз қолтаңбасымен растайды деген ережені қамтитын «Қарыз шартының стандартты талаптарын»; клиенттерді жіктеу әдістемесі бар «Клиенттерді жіктеу туралы хабарламаны» зерделеп шығуы тиіс; Cashdrive-ке клиент кем дегенде 1 100,000 таза активтері бар екенін, сондай ақ тиісті тәжірибесі мен түсінігінің болуы жөніндегі шартқа жауап беретінін мәлімдеген, Клиенттерді жіктеу туралы хабарламаны оқығанын және онымен толық келісетінін растап қол қойған "Арыз-сауал алу нысаны - АХҚО клиенттерінің жіктелуін" ұсынуы керек; Cashdrive-ке клиенттің АХҚО-ның Стандартты шарттары мен талаптарын зерделегені және Кәсіби клиенттің барлық критерийлеріне сәйкес келетіндігі туралы клиенттің растауы бар қол қойылған "Көлік құралының кепілімен кредит беру туралы өтініш формасын" ұсынады; және қарыз мақұлданған жағдайда "Қарыз шартының стандартты талаптарына қосылу туралы арызға" қол қойып, беруі тиіс, оған тағы да клиенттің шарттың өзін (Стандартты шарттарды) зерделегенін, Кәсіби клиент болып табылатынын және шарттың барлық тармақтарымен келісетінін растауы болады. Әрине, бұл берілетін ақпараттың шектеулі бөлігі ғана: басқа мәселелердің қатарында жеке деректер, сұралып отырған қарыздың сомасы мен мерзімі, қарыздың мақсаты, кепілдікке алынып, қарыз берілетін көлік құралы туралы мәліметтер, кірістер, қарыздар, несие тарихы және т. б. болады.

56. Куәгерлердің айғақтарына сәйкес, Cashdrive өз кезегінде компанияға қолжетімді дерекқорлардан (кредиттік бюролардың есептері, жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорлары, салық қызметтерінің сайттары және т. б.) клиент және оның мүлкі туралы есептер мен деректерді сұратады, сондай-ақ клиенттің мүлік туралы шынайы ақпарат бергеніне көз жеткізу үшін банктік үзінді көшірмелер мен шоттар туралы ақпаратты, бағалау жөніндегі тәуелсіз сарапшылардың есептерін және сатып алу-сату шарттарын (егер ондайлар бар болса) сұратуға құқығы бар. Cashdrive сондай-ақ клиент ұсынған құжаттарды және бизнеске қатысу немесе жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке (тікелей немесе жанама) иелік ету туралы мәлімделген ақпаратты ашық көздерден немесе қолжетімді дерекқорлардан тексереді. Кредиттік бөлім клиенттер берген деректерді тексеру үшін олармен қосымша сұхбат өткізеді және еңбек шарттарын, сертификаттарды, банктік шоттардан үзінді көшірмелерді және қаржы нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да құжаттарды (оның ішінде қарыз алуы және орындауы), сондай-ақ кепіл ретінде ұсынылатын көлік құралының құжаттарын қоса, барлық қажетті құжаттарды сұрайды. Cashdrive бұл жүйеге клиенттердің Кәсіби клиенттер ретіндегі санатына байланысты сілтеме жасағанымен, мен бұл тексеру процесінің көп бөлігі, менің ойымша, осы мәселеден гөрі, кредитті қамтамасыз ету және клиенттің қарызды өтеу қабілеттілігі туралы жекелеген мәселелерге бағытталғанын айтуға тиіспін.
57. АФСА-ның Жазбаша директивада 2.3.1 және 2.5.1-тармақтардың бұзылғанын көрсетуінің себептері Cashdrive-тің клиенттерді Бағаланған кәсіби клиенттер ретінде сәйкестендіру және жіктеу тәсілі *«үстірт, бейресми болғандығында және [Бизнес жүргізу қағидаларында] көрсетілген талаптарға сәйкес келмегенінде»*; *«Бизнес жүргізу қағидаларынан тармақтарды көшіріп алып, өздерін Кәсіби клиент деп мәлімдейтін клиенттер қол қоятын декларация нысанына апарып қоюдан тұратын ресми тәсіл қабылдауға келмейтін болып табылатынында және Компанияның өз клиенттерін жан-жақты және тиісті мұқияттылықпен жіктеуге қабілеттілігін көрсетпейтінінде»*; және *«клиенттерді тарту процедурасы шеңберінде Бюро клиенттерден клиенттің кәсіби клиенттер санатына жататындығының дәлелі ретінде пайдалануға болатын растау құжаттарын сұрамайтынында (дипломдар, банк шотынан үзінді көшірмелер, бұрынғы жұмыстарының тарихы және т.б.)»* болып табылады (жоғарыдағы 6-тармақты қараңыз). Негізінде, шағым клиенттер тиісті шарттарға жауап беретіндіктерін өздері растауы тиіс болғанына, ал Cashdrive Бизнес жүргізу қағидаларының талаптары, атап айтқанда Қағидалардың 2.5.1(a) және (b)(i) тармақтары шынымен де орындалғанына көз жеткізу үшін клиенттердің арыздарын тексеру үшін және растау құжаттарын алу үшін жеткілікті жұмыс атқармағанына жасалады.
58. Жазбаша директива Cashdrive Кәсіби клиенттер ретінде бағаланған жеке тұлғаларға 2022 жылдың үшінші тоқсанында кредит бергенін АФСА анықтағанына сілтеме жасады; және *«қарыздардың жалпы сомасы 15»* деп қосты. Шешімде білдірілген алаңдаушылық, бір қарағанда, осы 15 мәмілеге негізделген. Алайда бұл уақытқа қарай АФСА тарапынан 2022 жылдың 30 қарашасындағы өз сұрауына іс жүзінде жауапты 2022 жылғы төртінші тоқсандағы декларациялардағы жеке тұлғалармен жасалған 44 қарыз шарттары

туралы ақпараттан да алынды; және дәлелдемелер Жазбаша директива беру туралы шешім қабылдаған кезде барлық 44 мәміле назарға алынғанын көрсетеді. шешім қабылданғаннан кейінгі өз мәлімдемелерінде Cashdrive Жазбаша директивада нақты қандай 15 клиент айтылғанын білмейтінін айтып және қалған 29 клиент Кәсіби клиенттер ретінде дұрыс бағаланды деп, 15 саны мен 44 санының арасындағы айырмашылықты жоққа шығаруға тырысты. Осы мәлімдемелерге жауап бере отырып, АФСА тарапынан 15 пен қалған 44 клиент арасында ешқандай айырмашылық жасалған жоқ және, меніңше, оның жұмысы жалпы алғанда клиенттің құжаттамасын тексерумен байланысты екенін жеткілікті түрде ұқтырды. Cashdrive Жазбаша директивада аталған 15 клиенттің тізімін талап етуін жалғастырғанымен, апелляциялық талқылау барысында берілген (және тиісті түрде жауап берілген) ақпаратқа ресми сұрау салуға жеткенде, шынайы позицияны Жазбаша директиваның өзінің шарттары мейлінше айқындағанына және Cashdrive бұл 15 клиент өзінің 2022 жылдың үшінші тоқсанындағы декларацияларында көрсетілген клиенттер екенін түсінгеніне немесе түсінуге тиіс болғанына мен сенемін.

59. Шешім шығарылғаннан кейінгі пікір алмасу барысында және апелляциялық талқылау барысында АФСА-ның алаңдаушылығы Жазбаша директивадағыдан толығырақ баяндалды. Мамандандырылмаған клиенттерге кредит беруді шектеу тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында және Қазақстанда бөлшек сауда клиенттердің борыштық жүктемесінің жоғарылығына байланысты енгізілді делініп отыр. Cashdrive-тің оның қызметінің негізгі бағыты заңды тұлғаларға кредит беру болатыны туралы бастапқы мәлімдемелерінен айырмашылығы, ол бірде-бір заңды тұлғаны клиент ретінде тартпаған. Бұның орнына ол, жалпы алғанда, Қазақстанда тұратын жеке тұлғаларға салыстырмалы түрде шағын қарыздар, әдетте олардың көліктерінің (көбінесе өте ескі) кепілімен және өте жоғары пайызбен (44% пайыздық мөлшерлемесі барлық кредиттерге, олардың құнына байланыссыз, қолданылды) берді. Қарыздардың мақсаты жалпы алғанда Cashdrive құжаттамасында *"тұтынушылық кредит"* ретінде сипатталады, ал көптеген қарыз құжаттарында клиенттердің олар *"коммерциялық емес мақсаттар үшін тұтынушылық кредит алуға жүгініп отырғандығы"* туралы растаулары бар. Даму стратегиясы бойынша құжаттардың бірінде бизнес *"уақытша ақша қажет ететін автомобиль иелері үшін, негізінен іскерлік мәміледегі қарызды жабуға немесе тауарлар сатып алуға арналған"* *"автомобиль"* ретінде сипатталады. Қарыздар автоматтандырылған санау жүйесінің көмегімен ішінара автоматты түрде берілді. Cashdrive тек клиенттің оның Кәсіби клиент болу үшін қажетті шарттарға сәйкес келетіні туралы верификацияланған дербес декларациясын бұл дербес декларацияның шын мәнінде ақиқаттығы шүбәлі жағдайда қабылдады. 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтері бар адамға (негізгі тұрғын үйдің құнын есептемегенде) соншама жоғары пайызбен бірнеше мың доллар кредит неліктен қажет болды? Ол ұсына алатын жалғыз кепіл көбінесе шығарылғанына ондаған жылдар болған қарапайым автомобиль болғаны ма? Cashdrive клиенттердің таза активтерін тиісті түрде есептеуді жүргізбеген және олардың кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтері бар екенін көрсететін растау құжаттарын жинамаған. Қаржылық активтердің бар екендігі туралы шарттың орындалғаны туралы ешқандай дәлел болған жоқ. Бұдан басқа, тәжірибе мен тиісті қаржылық өнімдерді және олармен байланысты кез-келген тәуекелдерді түсінуге қатысты шарт орындалғаны туралы қорытын жасау үшін Cashdrive-тің жеткілікті негізі

болған жоқ. Клиенттің бұрын қарыз алып, оны өтеген фактісі кәсіби білім деңгейін анықтау үшін жеткіліксіз болып табылады. Талаптардың мақсаты - клиенттің хабардар екендігіне және кредиттеудің мақсатқа сәйкестігі туралы өз негізделген пікірін қалыптастыра алатындығына көз жеткізу.

60. Екінші жағынан, Cashdrive компаниясы клиенттерді Кәсіби клиенттер ретінде бағалау талаптарын өзінің орындағанын айтады. Бизнес жүргізу қағидалары осал клиенттерді олар түсінбейтін қаржылық өнімдерді сатып алудан қорғайтын тексеру және бақылау жүйесін белгілейді. Cashdrive тиісті қағидалардың сөзбе-сөз мағынасын басшылыққа алды және клиенттерін жіктеу үшін өзінің тиімділігін дәлелдеген тиісті сақтық бойынша мұқият жүйе құрды. Барлық қажетті ақпарат әртүрлі құжаттарға жинақталды; клиенттер құжаттарға қол қою арқылы келісетіндіктерін және талаптардың орындалатынын білдірді; олардың барлығы тәжірибелі кәсіпкер, кейбіреулері - бухгалтер немесе директор болды; олардың барлығы сөз болып отырған қаржылық өнімнің мәнін түсінді. Дефолттар мен мерзімі өткен қарыздар жоқ дерлік болды. Cashdrive бизнесінің қалай жұмыс істейтіні жөнінде АФСА-ның түсінігі болмады және ол оған жалпы қағидалар белгілемей, істерді қалай жүргізу керектігін нұсқамауы керек еді делінді. Cashdrive қабылдаған, нақты қаржылық өнімге және клиенттердің нақты санатына бағытталған процедура ақылға қонымды болды. Сонымен қатар Cashdrive-тің айтуынша, егер Жазбаша директива шыққанға дейін мүмкіндік берілгенде, ол клиенттерді жіктеудің дұрыстығы туралы көбірек құжаттар мен дәлелдер ұсына алатын еді және Жазбаша директиваның өзі клиенттерді жіктеу процесінде нақты ненің дұрыс болмағандығын түсіндірмейді. Бұдан басқа, компания АФСА Cashdrive-тің шешім қабылдағаннан кейін жасалған мәлімдемелеріне және болжамды бұзушылықтардың сипаты туралы сұрақтарына жауап бермеді деп шағымданады.
61. Мен Жазбаша директивада бұл мәселе бойынша келтірілген себептер, сондай-ақ факт бойынша тиісті қорытындылар өте қысқа және жалпылама терминдермен білдірілген дегенге келісемін. Тісінше, *"tiicmi түрде қайта қаралған бизнес жүргізу процедураларынан"* кәсіби клиенттерді бағалауға қатысты не талап етілеті бойынша нақтылық жоқ болды. Cashdrive-ке шешім қабылдағанға дейін өз дәлелдерін ұсынуға мүмкіндік берілгенде, бұл мәселе толық және егжей-тегжейлі қарастырылған болар еді, бұған менің күмәнім жоқ. Мысалы, АФСА-ның 2023 жылғы 12 мамырдағы хатында (жоғарыдағы 31-тармақ) кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтердің болуы туралы талаппен байланысты себептердің қалай жазылғанын көруге болады. Жазбаша директивамен, алайда, АФСА-ның алаңдаушылығының мәні олар негізге алған, барлығын Cashdrive-ке өзі ұсынған құжаттарға сілтеме жасалып анықталды; және де барлық құжаттар Cashdrive-те болғандықтан, олардың көшірмелерін ұсыну қажет болған жоқ.
62. Бизнес жүргізу қағидалары клиент Бағаланған кәсіби клиент ретінде қарастырылуы үшін орындалуы тиіс шарттарды анықтайды, бірақ олар клиенттердің осы шарттарға сай екендігіне көз жеткізу үшін Авторландырылған компания қандай қадамдар жасауы керек екенін көрсетпейді. Оларда, мәселен, Авторландырылған компания клиентке шарттың орындалғанын растауға мүмкіндік беруі керек емес, ол клиенттің таза активтерін есептеуді өзі жүргізуі немесе растау құжаттарын өзі алуы керек деп

айтылмаған. Қағидаларды икемді қолдану үшін мүмкіндік мол деп түсінуге болатын сияқты. Сондықтан мен қағидалар анық тұжырымдалмаған және АФСА тарапынан басшылық болмаған жағдайда қолданылған Cashdrive тәсіліне белгілі бір дәрежеде түсіністікпен қараймын. Алайда, нәтижесінде қағидаларды саяси контекст пен реттеу мақсаттары тұрғысынан қалай қолдану керектігін тап АФСА реттеуші орган ретінде анықтауы керек. Жоғарыда 21-тармақта айтылып кеткендей, АФСА - FSFR қадағалау бойынша кең өкілеттіктер берген сараптамалық орган. Ол шарттардың орындалғанына көз жеткізіп, ол үшін не істеу керектігі туралы шешім қабылдауы тиіс. Басқаша айтқанда, тиісті Бизнес жүргізу қағидаларының сақталған-сақталмағаны жөніндегі сұраққа жауап қағидаларды әдеттегі түсіндіруге ғана емес, сонымен қатар АФСА-ның шешіміне де байланысты, бұл шешімдерге Сот араласпайды. Мұндай мәселе бойынша шешім қабылдайтын бастапқы орган Сот емес, АФСА болып табылады және FSFR-дің 11-бөлімінде *"шешімнің мәні бойынша емес, шешім қабылдайтын тұлғаның жария-құқықтық қателік жібергені-жібермегені бойынша апелляция беру көзделетінін"* еске сала кету керек (жоғарыдағы Карми АФСА-ға қарсы 11-тармақты қараңыз).

63. Жазбаша директива құрастырылған кезде алынған құжаттардың, соның ішінде Жазбаша директивада нақты аталған 15 қарыз шартының негізінде, Cashdrive-тің тәсілі Бизнес жүргізу қағидаларына сәйкес келмейтіні туралы пікір тұжырымдауға АФСА-ның құқығы болғанына менің көзім жетеді. Кемінде 100 000 АҚШ доллары көлемінде таза активтер болуы туралы талапқа келетін болсақ, Бизнес жүргізу қағидаларның 2.5.1(a) тармағын қате түсіндіру бойынша да, бұл қағиданы дұрыс қолданбау бойынша да АФСА тарапынан іс-қимыл жасалған жоқ, өйткені Cashdrive-тің бағалауға көзқарасы адекватты емес, сонымен қатар клиенттің таза активтерін есептеп және құжаттармен растау алып, көбірек іс атқару керек еді деп шешім жасалды. Осы сияқты, клиентті оның жеткілікті тәжірибесі мен тиісті қаржылық өнімдер және олармен байланысты кез-келген тәуекелдер туралы түсінігі бар болуы тұрғысынан ақылға қонымды негізде бағалау талабына қатысты АФСА-ның Cashdrive-тің тәсілін тиісінше емес деп тануға құқығы болды: Cashdrive сүйенген мәселелер жасалған бағалаулар үшін ақылға қонымды негіз бермегені туралы АФСА-ның шешімі ол үшін заңды түрде қолжетімді шешім болды.
64. Егер Cashdrive компаниясына өз мәлімдемелерін Жазбаша директива шыққанға дейін ұсыну мүмкіндігі берілгенде, бұл істің нәтижесіне әсер ететін немесе оны өзгертетін бе еді? Мен бұдан бұрын атап өткенімдей, мәселе, меніңше, мұндай мәлімдемелер аясында толығырақ қарастырылатын еді, бірақ АФСА алаңдаушылығының мәні бұрынғыдай және негізделген болып қала беретін еді. Шешім қабылданғаннан кейінгі мәлімдемелерде немесе осы талқылау шеңберіндегі дәлелдемелерде шешім басқаша болар еді немесе оны даулау үшін маңызды себеп пайда болар еді деп ойлауға мені мәжбүр ететін ештеңе көрмедім. Мен АФСА-ның бұл мәселе бойынша мәлімдемелерімен келісемін.
65. Мен Cashdrive клиенттерді жіктеуге қатысты қосымша құжаттарды ұсына алатын еді, бірақ АФСА оларды сұрамады деген Cashdrive-тің дәлелдерін, тұс-тұсынан жауап алу кезіндегі Рахимбекова ханымның айғақтарын қоса, назарға аламын. Дегенмен де, 2022 жылдың 30 қарашасында АФСА сол кезде Кәсіби клиенттер ретінде бағаланған

клиенттердің әрқайсысын бағалау есептерін және оларды Кәсіби клиенттер ретінде бағалаған кезде қолданылған кез-келген басқа да құжаттарды сұрады (жоғарыдағы 5-тармақты қараңыз); Cashdrive осы сұрауға жауап ретінде құжаттар берді, сондай-ақ өзінің тоқсандық есептері түрінде де ұсынды, сондай-ақ шешім шығарылғаннан кейін және апелляциялық іс жүргізу барысында олардың өз мәлімдемелері шеңберінде кез-келген қосымша құжаттар ұсынуға мүмкіндігі жеткілікті болды. Меніңше, Cashdrive енді бұл мәселені жаңа қырынан анықтай түсіп, оның нәтижесін өзгерте алатын қосымша құжаттар бере алатынының ықтималдылығы аз.

66. Мен Cashdrive жауап ретінде алған АФСА-ның екі клиенттің жуырдағы сұхбаттары туралы жазбаларын, сондай-ақ олардың біреуінің айғақтарын назарға алмағанымды айта кетуім керек: бұл материалдар Сот қарайтын мәселелерге айтарлықтай әсері болуы үшін тым жақын арадағы және өте қысқаша. Мен сондай-ақ менің шешіміме қатысы жоқ құжаттар ретінде қолданылуы дауланған құжаттар топтамасындағы басқа да құжаттарды қарастырған жоқпын.
67. Мен бастапқыда Cashdrive қызметінің негізгі саласы заңды тұлғаларға кредит беру болғандығына, бірақ іс жүзінде барлық кредиттер жеке тұлғаларға берілгені фактісіне мән бермеймін. Cashdrive бизнес-модельдің бұлай өзгеруін нарықтық жағдайлардың өзгерістерімен, соның ішінде Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін заңды тұлғаларға кредит беру өте тәуекелді іске айналғанымен түсіндіреді. Бұлай түсіндіру қанағаттанарлық па, әлде жоқ па - маңызды емес. Жеке тұлғаларға кредит беру мүмкіндігі басынан бастап қарастырылған болатын және клиенттер Кәсіби клиенттер ретінде тиісінше бағаланған жағдайда лицензиямен рұқсат етілген. Егер олар осылай бағаланған болса, онда Валюталық қағидалардың жекелеген қолданылуы мұндай адамдар Қазақстаннан тыс жерлерде резидент болуы тиістігінде болғанымен, Cashdrive-тің бүкіл бизнесі жеке тұлғаларға кредит беру жолымен жүзеге асырылуына негізінен жол берілген. Қазіргі уақытта да осылай. АФСА түсіндіргендей, Cashdrive-тің лицензиясы тоқтатыла тұрған жоқ және де Cashdrive жеке тұлғаларға олар Қазақстаннан тыс резиденттер болған және Кәсіби клиенттер ретінде тиісті түрде бағаланған жағдайда бұрынғыша қарыз бере алады.
68. Алайда, осы мәселе бойынша қорытынды жасай келе, бұл тұста да АФСА-ның ол Жазбаша директивада қабылдаған шешімді қабылдауға құқығы болды деп айтуға болады; FSFR-дың 1-қосымшасының процестік талаптарының сақталмауы болмашы ғана; және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну негізделген де, мақсатқа сәйкес те болмас еді.

Қорытынды

69. Жоғарыда баяндалған себептерге байланысты, Жазбаша директива тиісті процестік талаптар бұзылып шығарылды, бірақ бұл бұзушылықтар ақыр соңында елеусіз болды және Валюталық қағидаларды сақтамау және Бизнес жүргізу қағидаларын сақтамау мәселелері бойынша АФСА ол өзі қабылдаған шешімді қабылдауға құқылы болды. Сонымен, Cashdrive-тің Жазбаша директиваға апелляциясы қабылданбай тасталады және шағымды қанағаттандырудан бас тартылуы тиіс.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Сэр Стивен Ричардс

Судья, АХҚО соты

Өкілдік:

Талапкер/Апеллянт атынан (1) Серіктес Бақыт Тукулов мырза және (2) Заңгер Мария Петренко ханым өкілдік етті, екеуі де "Tukulov Kassilgov Shaikenov Disputes" ЖШС-нан.

Жауапкер атынан АХҚО заң кеңсесінің Басқарушы директоры Ицхак Берни мырзаның тапсырмасы бойынша Берн Джаффи КС мырза өкілдік етті, Blackstone Chambers.